





# Ел тілегі ескерусіз қалмайды



Аймақ басшысы тұрғындармен жиі жүздеседі. Соның нәтижесінде жергілікті жерде мәселелер дереу шешімін тауып жатқанына жұртшылық куә. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тұрғындармен кезекті кездесуі Осакаров ауданында жалғасты. Халықпен бетпе-бет жүздесу кезінде ауданның өзекті мәселелері ортаға салынып, шешімін тапқандары жария етілді.



Осакаров ауданында ауыз су мәселесі кезек-кезеңімен шешімін тауып келеді. Биыл алты ауылда су құбырын салу басталды. 6 мыңға жуық тұрғын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Осы және басқа да мәселелерді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындармен кездесу барысында талқылады.

Өткен жылы Пионерское, Озерное, Ералы ауылдарында су құбыры желілері салынып, Николаевка, Сенокосное, Садовое, Трудово ауылдарында су құбыры салу басталды. 10 елді мекенде сумен жабдықтау және қаріз жүйесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, – деді Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұ-

ханбетов. – Биыл тағы алты ауылда су құбырын салуға жобалық-сметалық құжат әзірленді. Жақын арада жұмыс Нияз ауылында басталады. Көпшілік және аудандық жолдардың жай-күйі – Осакаров тұрғындарының жыл сайын көтеретін тағы бір маңызды мәселесі.

«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында біз Батпақ және Озерное ауылдарының жолдарын жөндейміз. Онда су құбыры желілерін салу жұмыстары аяқталды. Осакаровқа кентшілік жолдарға ағымдағы жөндеу жүр-

гізіледі. Биыл облыстық маңызы бар – «Осакаровка-Нұра» жолын салу аяқталды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев. – Тұрғындарды сапалы ауыз сумен және жақсы жолдармен қамтамасыз ету – біртіндеп шешетін басты міндеттеріміз.

Өңір басшысы өткен кездесуде аудан тұрғындары 43 проблема көтергенін, олардың жартысынан көбі шешілгенін атап өтті. Олардың қатарында білім беру, мәдениет нысандарын жөндеу, Молодежный-дағы Абай атындағы мектеп жанындағы аумақты абаттандыру,

Осакаровкадағы спорт алаңдары мен бағдаршам орнату бар. Биыл Озерныйдағы мектепте күрделі жөндеу жұмыстары басталып, Ақбұлақтағы мектепті жөндеу аяқталып, қосымша құрылыс салынады. Молодежный ауылында қыркүйек айында тұрғындар көптен сұраған алғашқы музыкалық мектеп ашылады. Ол үшін бұрынғы сот ғимараты күрделі жөндеуден өтеді.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Тазалықты өзімізден бастайық



Қарағандылық жастар «Таза Қазақстан» акциясының ауқымды экологиялық бастамасына қолдау білдірді. Еріктілер қолғап пен қорық сөмкелерімен қаруланып, саябақтарды, өзен жағалауларын және қала көшелерін тазалады.

Аталған шараға «Аманат» партия мүшелері мен «Жастар рухы» жастар қанатының еріктілері, «Жасыл ел» жасақтары атсалысты. Басты мақсат – қоршаған ортаны сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

– Айналамызды таза ұстауды өзімізден бастайық. Біздің тазалық бейсенбілік күнделікті әр апта сайын жүретін үлкен акция. Сондықтан, барша қазақстандықты тазалыққа шақырамын, – деді «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков.

Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «Аманат» партиясы «Таза бейсенбі» акциясын бастады. Акцияның алғашқы күнінде 250 тонна қоқыс жиналды.

– «Аманат» партиясы бастаған

өкілдері бар. Жалпы, экология мәселесі біздің өміріміз үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін өзекті. Біз экологиямызды сақтауымыз керек. Осындай іс-шаралардың көмегімен оқушылар, жастар және студенттерді қоршаған ортамызды, экологиямыздың жағдайын жақсартуға шақырамыз. Бұл таза ауа мен таза су үшін қажет мәдениеттің маңызды бөлігі, – деді «Қарағанды су қоймаларының» басшысы Мира Махатчина.

«Таза Қазақстан» акциясы еліміздегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған. Сенбіліктер мен ластанған жерлерді тазарту қоғамның назарын қоршаған ортаны таза ұстаудың маңыздылығына аударады. Акция жастарды, оқушыларды, студенттерді, депутаттарды және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін



Сурет ұйымдастырушылардан

бұл акция елдің экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында бейсенбі және сенбі күндері өткізіледі. Біз жылдар бойы жиналған қоқыстарды тазалаймыз. Осы орайда қала тұрғындары өз аумақтарында тәртіп орнатып және тазалықты тұрақты негізде сақтап, акцияны қолдаса екен деймін, – деп атап өтті «Аманат» партиясының қалалық филиалының төрағасы Юлия Бадина.

Юлия Бадинаның айтуынша, қоғам айнасы – қоршаған ортаның тазалығы. «Таза Қазақстан» акциясы жөнінде жоспарланған экологияны таза ұстауға халық болып ден қою қажет. Табиғатты таза ұстауды өзімізден бастаған дұрыс.

– Бүгін бізде «Таза бейсенбі» жалпыұлттық акциясы жалғасуда. Мұнда жастар қанаты, депутаттар және қалалық және облыстық деңгейдегі «Аманат» партиясының

қоса алғанда, халықтың әртүрлі топтарын біріктіреді. Мұндай іс-шараларға қатысу экологиялық мәдениетті қалыптастырады, табиғатқа ұқыпты қарау қажеттігін еске салады. Қазақстанның барлық тұрғындары үшін таза және саламатты болашақ құруға ықпал етеді.

– Тазалық – денсаулық кепілі. Егер айналамызды таза ұстап, ағаштарды ақтап, суарып отырсақ, өзіміз таза ауамен тыныс алатын боламыз. Сәйкесінше, деніміз сау болмақ. Сондық манайымызға мұқият болып, бей-жайлықтан арылайық – дейді қала тұрғыны Акерке Қуандыққызы.

Назерке ҚУАНЫШ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің II курс студенті

# Оңалту бағдарламасының орасан игілігі

Аймақта 55 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан есепте тұр. Оларға жеке оңалту бағдарламасы негізінде қолдау көрсетіледі. Бұл мақсатта бөлінген қаражат та айтарлықтай өскен. Мұны облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүнісбекова айтты. Ол жұмысқа қабілетті мүгедектігі бар жандарды жұмыспен қамту мәселесіне тоқталды.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Кеше облыс әкімінің аппарат жанында осы мәселе талқыланды. Басқарма басшысы Әсем Айтжанқызының айтуынша, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қолдау мақсатында бөлінген қаражат биыл 9,8 млрд. теңге. Екі жыл бұрын 5 млрд. теңге болған.

– Мүмкіндігі шектеулі адамдардың жеке оңалту бағдарламасын орындау 64,5% шамасында. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 95%-ға жеткізу жоспары тұр, – деді ол.

Инваксия қызметіне биыл жергілікті бюджеттен 582,5 млн. теңге бөлінген. Аталған қызмет биылдан бастап, Ақтоғай және Шет аудандарында іске қосылғаны айту керек. Бүгінгі таңда инваксия қызметінде 118 көлік бар, оның 17-сі қоларба үшін арнайы көтергішпен жабдықталған. Дерек бойынша 1 569 адам инваксия қызметіне жүгінді. Сонымен қатар, аутистік секторы

бұзылған және сал ауруына шалдыққан 400-ге жуық бала арнайы көліктің көмегімен пайдаланады. Бұл ретте аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев инваксияның облыс орталығына жеткізу мәселесін шешу қажеттілігін атады.

Бірінші топ мүгедектеріне санаторлы-курорттық ем алу мәселесі де маңызды. Бұл топтағы адамдар біреу ілесіп жүрмесе, берілген мүмкіндіктен тыс қалып жатады.

– Министрлік ерекше балалардың ата-анасының біріне санаторлы-курорттық емделуге кепілдік берілген соманың 70%-ын өтеу бойынша өзгерістер енгізді. Облыстың барлық өңірлерінде осы мәселеге қатысты нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Бұл санаторлы-курорттық емдеумен қамтуды арттырды. Былтыр және биылғы жарты жылда 173 адам аталған көмекпен қамтылды. Оған 44,8 млн. теңге жұмсалды, – деді Әсем Жүнісбекова.

Басқарма басшысы жақында ғана ашылған қоларбаларды жөндеу

бойынша орталыққа қазірдің өзінде 25 өтініш түскенін, 18-і жөндегенін айтты.

– Қоларбаларды жөндеу орталығын ашу ұсынысы былтыр мүмкіндігі шектеулі жандармен болған кездесуде айтылды. Облыс осы бағыттағы жобаға қосылып, Астана қаласының «Дос» жаңа өмір» орталығымен 300 қоларба жөндеу бойынша келісімге отырды. Бұған 18,5 млн. теңге бөлініп отыр.

Орталық қоларбаларды жөндеу, тазарту, тігу сияқты қызметтерді көрсетеді. Облыстың кез келген өңірінен өтінім қаралады. Мамандар өтінім түскен жерге барып, қоларбаны жағдайын қарап, сол жерде жөндейді, қажет болса, алып кетіп, жөндеп береді. Ол кезде мүгедектігі бар адамға басқа қоларба беріледі, – деп түсіндірді Әсем Жүнісбекова.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік бейімделу, заңнамалық, психологиялық, жұмыс табу және басқа да мәселелерге қатысты кеңес көрсететін «Тең қоғам» орталығында кезек көрсетуде. Осы уақытқа дейін 5 мыңнан астам қызмет көрсеткен екен.

– Облыс әкімінің тапсырмасымен биыл Балқаш пен Абай қаласында да ашылды, – деді Әсем Жүнісбекова. – Бұл орталықтар мемлекеттік әлеуметтік тапсырма



негізінде қызмет көрсетеді.

Ермағанбет Қабдулаұлы «Тең қоғам» орталығын Теміртау қаласында да ашу туралы тапсырма берді. Әсем Айтжанқызының айтуынша, аймақта жұмысқа қабілетті 29 680 мүмкіндігі шектеулі жан бар. Оның ішінде, жұмыс істеп жүргені – 10 845.

– 2-4% көлемінде жұмыс орындарының квотасы бекітілген. Квотаға сәйкес, 59 адам жұмысқа орналастырылды. Биылға 89 кәсіпорында 219 адамға квота бөлінді. Сегіз арнайы жұмыс орны ашылды. Түрлі жобалар, субсидияланатын жұмыс орындары аясында 817 мүмкіндігі шектеулі адамдар жұмыс тапты. «Бизнес бастау» бойынша кәсіпкерлік негіздерін 182 адам оқып шықты. Сонымен қатар, 11 грант берілді. Оның төртеуін – мүмкіндігі шектеулі жанды асырап отырғандар алды, – деді басқарма басшысы.

Жыл соңына дейін 3 мыңнан астам адамды жұмыспен қамту жоспарланған.

## • ЧЕМПИОНАТ

# Аймақ намысын 48 жоба қорғайды

Қарағандылық колледждердің 48 студенті WorldSkills Kazakhstan – 2024 байқауында аймақ намысын қорғайды. Биыл облыстық чемпионатқа 300-ге жуық колледж студенті қатысты. Достық үйінде өткен облыстық чемпионаттың жабылу салтанатында жеңімпаздарға диплом, тәлімгерлерге Алғыс хат табысталды.



Сурет облыс әкімінің сайынан

Жарыс 45 мамандық бойынша өтті. 125 адам жүлделер атанған сайыста, 48 студент бірінші орынға ие болды. Олар алдағы уақытта WorldSkills Kazakhstan – 2024 республикалық чемпионатының марапаты үшін сайысқа түседі.

– Көптеген қызықты жобалар бар. Маған сайттар мен мобильді қосымшалар жасау ұнайды. Болашақта қосымша білім алып, тәжірибені жетілдіріп, өз ісімді да-

мытқым келеді, – дейді Қарағанды техникалық-экономикалық колледжінің студенті Диас Шаймұхан.

Айта кеткен жөн, WorldSkills жастардың кәсіби дағдыларын дамытып, жұмысқа баулитын кәсіптердің денгейін арттырады. Бүгінгі таңда кәсіби шеберлік байқауы халықаралық деңгейдегі жаңа заман маманын қалыптастыруға бағытталып отыр.

Өз тілшімізден

## • БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

# Шомылудың да өз тәртібі бар

Елімізде шомылу маусымы ресми түрде 1 маусымнан басталады. Ал, «Қазгидромет» былғы жаз ерекше ыстық болатынын мәлімдеп отыр. Облыстың төтенше жағдайлар департаменті облыс тұрғындарына судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігін қанша ескерткенімен, жыл сайын қайғылы оқиғалар орын алуға. Мәселен, өткен жылы 16 адам суға кеткен. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыстың төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Ақылбек Ахметжанов мәлімдеді.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыста су айдындарындағы оқиғалардың дені Бұқар жырау, Абай, Ақтоғай, Нұра және Осакаров аудандарында, сондай-ақ Қарағанды, Теміртау қалаларында болатынын айтады Ақылбек Қосманұлы. Одан бөлек, Балқаш және Приозерск, Шахтинск, Саран қалаларында, Қарқаралы және Шет аудандарында да суға кету жағдайлары орын алады. Мәселен, өткен жылы болған 16 жайттың төртеуі – Теміртау қаласында болған. Айта кетерлігі, шомылу үшін белгіленбеген жерлерде суға түсу дәл осындай қайғылы жағдайларға алып келген.

– Жаз мезгілінде облыс аумағында су маңында жаппай демалуға рұқсат етілген 89 орын жабдықталған. Оның бесеуі коммуналдық болса, 83-і – жеке жағажай. Одан бөлек, 1 сауықтыру лагері бар. Қауіпті учаскелер тыйым салу және ескерту белгілерімен

жабдықталған. Облыс бойынша 2020 жылдан 1327 ескерту және тыйым салу белгілері орнатылды. Ал, өткен жылы 423 белгі қойылды. Биыл қосымша 90 тыйым салу және ескерту белгілерін орнатуды жоспарлап отырмыз, – деді Ақылбек Ахметжанов.

Суға түсу маусымында облыс аумағындағы су айдындарында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін департамент бөлімшелері 96 адам, 20 техника және 25 жүзу құралын дайындағанын айту керек. Одан бөлек, 47 қоғамдық құтқарушы оқудан өтсе, тағы 67 құтқарушыны оқыту жоспарда.

– ТЖД бөлімшелері 1 мамырдан тұрғындармен ауқымды профилактикалық жұмыс бастады. Өткен кезеңде полициямен бірлескен 800 рейд, облыстың су айдындарында 270 патрульдеу жүргізілді. 6 мыңға жуық профилактикалық әңгімелер өткізілді, суда жүріс-тұрыс ережелері бар жадинамалар табысталды, – деді Ақылбек Ахметжанов.

Облыстың төтенше жағдайлар



Сурет шик. леркеден

департаментінің қызметкерлері су пайдаланушылармен, су айдындарындағы демалыс аймақтарының иелерімен, балалар лагерлерінің директорларымен дөңгелек үстелдер мен әңгімелер өткізетінін де айту керек. Ал, өздеріне бекітілген акваторияларда адам қаза тапса, аймақ иелері жауапты болады.

– Жаз мезгілінде облыс аумағында ересектер мен балалардың демалуы үшін балалар мен мектеп жанындағы лагерлер, санаторийлер, жағажай аймақтары, демалыс аймақтары және басқа да мәдени-сауықтыру нысандары жұмыс істейді. Осыған байланысты, төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында облыстың төтенше

жағдайлар департаменті суда жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін тыйым салынған жерлерде және табиғи жағажайларда суға түсуге болмайды. Одан бөлек, мас күйде суға түсу, көпірлерден, пирстерден, қайықтардан суға секіру де қайғылы оқиғаға ұшыратуы мүмкін. Ал, жүзе алмайтындар үрлемелі матрастарды пайдалануға болмайды. Өйткені аударылып қалу және жағадан алыс жерге кетіп қалу қаупі бар, – дейді Ақылбек Қосманұлы.

Департамент қарағанды суға түсуге қатаң тыйым салынғанын айтады. Ең бастысы – балаларды ересектердің бақылаусыз су айдындарына жіберуге мүлдем болмайтынын естен шығармау керек.

## • МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Сала саңлақтарының салтанаты

Медицина қызметкерлері күні аясында кәсіби мерекеге орай Балқаш қаласында жауапты міндет арқаалаған ақ халатты абзал жандарға арнайы құрмет көрсетілді. Шаһар басшысы өңірдегі адам жанының арашасы болған медицина қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

— Ақ халатты абзал жандарды кәсіби мерекесімен құттықтаймын. Бұл жандар өзгелердің өмірі мен денсаулығы үшін күн-түн демей демалысыз жұмыс істейді. Қанша адамның жанына дауа, тәніне шипа тауып, адам өміріне араша түсетін еңбектеріңіз ерекше. Мереке күндерінде де отбасының емес, науқастардың жанынан табылады. Адам баласына өмірде білім, мәдениет және денсаулық керек. Басты байлық – денсаулық. Сондықтан да, медицина саласына көңіл бөлу, дамыту өте маңызды, – деп атап өтті қала әкімі Сапар Сатаев.

Бұл күні жиынға қатысушылар ақ халатты абзал жандарға жылы лебіздерін білдіріп, бірқатарын марапаттады. Жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегі және облыстың қоғамдық-саяси

өміріне белсенді қатысқаны үшін Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен Балқаш қаласының медициналық колледжінің оқытушылары Серік Пшенбаев, Бахыт Тулебаева, Сапура Омарқұлова марапатталды. Сонымен қатар, Балқаш қаласы әкімінің Құрмет грамотасы 21 медицина маманына және Алғыс хат 11 адамға табысталды. Бұл жолы «Үздік стационарлық дәрігер» номинациясы Балқаш қаласы көпсалалы ауруханасының хирург дәрігері Андрей Пакке, «Үздік медбике» номинациясы №2 емхананың бас медбикесі Гүлзат Жұматаеваға берілді. Сондай-ақ, әрқайсына 50 мың теңге көлемінде сертификат тапсырылды.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына ерекше үлес қосқан жандар елеусіз қалған жоқ. Балқаш қаласы көпсалалы ауруханасының ғимаратқа қызмет көрсету жөніндегі жұмысшысы Равиль



Замалетдинова, аталмыш мекеменің аула сыпырушылары Бағлан Жүсіпов, Сейтқазы Абдуллин, №2 емхана тазалықшысы Перизат Айтбекова, Балқаш қаласы меди-

циналық колледжінің электрiгi Берiкбай Ахметжанов, облыстық психикалық денсаулық орталығы Балқаш бөлiмшесiнiң уақытша бейiмдеу және детоксикация ор-

талығының санитаркасы Мария Тютенева қала әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

— Медицина саласында қызмет етіп келе жатқанымна бірнеше

жыл болды. Кәсіби мереке кезінде еңбегіміз еленіп жатқанына шын жүректен қуаныштымын. Бүгінде жаңа технологияның арқасында денсаулық сақтау саласы қарқынды дамып келді. Осындай қолдау барда халықтың денсаулығы үшін аянбай еңбек етуге дайынбыз, – деді Балқаш қаласы көпсалалы ауруханасының хирург дәрігері Андрей Пак.

Шағын шаһарды салтанатқа бөлеген мерекелік шара Балқаш қаласының мәдени-сауық орталығы өнерпаздарының концертiне ұласты.

Айта кетейiк, өңiре денсаулық саласының дамуына зор басымдық берiлiп отырғаны белгiлi. Премьер-Министр Олжас Бектенов «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында медициналық мекемелердi салу және жаңғырту үшін Үкiмет резервiнен 39,9 млрд. теңге бөлу туралы Қаулыға қол қойды. Бөлiнетiн қаржы аясында Балқаш қаласының Орталық ауруханасын күрделi жөндеу жұмыстары жүргiзiлiп, қосымша құрылғылар алынатын болды.

БАЛҚАШ

## • ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

## Аудан аумағы ажарланады

Жыл өткен сайын Абай қаласы мен елдімекендер аумақтарының ажары кіріп, абаттандырылуда. Биыл да мұнда ерте көктемнен басталған тазалық пен реттеу жұмыстары жазға ұласып, толассыз жүріп жатыр.



Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

— Тұрғындарға қолайлы тұрмыстық жағдай жасау үшін, – дейді бұл жөнінде Абай қаласының әкімі Нұржан Тасмағамбетов, – үстіміздегі жылы қаланың инфрақұрылымын жақсарту мақсатында бірқатар ірі жобаларды қолға алып, жүзеге асырмақ ойдамыз.

Сол жобалардың бірі қала және елдімекендерде ұзындығы 4,36 шақырым болатын автомобиль жолдарының орташа жөндеуі болып табылады екен. Атап айтқанда, бұл шара Абай қаласының Шахтер көшесіндегі 1-29 үйлердің аралығын, Қызыл селосындағы Макаров және Вольный кентінің Степная мен Угольная көшелерінің автомобиль жолдарын қамтиды.

Келесі жоба бойынша 8 аула мен көше мүйістерінің 34 699 шаршы метрін асфальттау көзделген. Оған 2-3 ықшам ауданның аула аумақтары (екі жылдық жоба), Горняк пен Угольная көшелерінің мүйістері жатады.

Ендігі бір жоба қаланың 6 бөлігіндегі жаяу жүргіншілердің аяқжолдарының 2,2 шақырымын жөнге келтіруге бағытталған.

Сол сияқты қаланың Молдағұлова көшесіндегі 26 үйдің төбе жабындысына ағымдағы жөндеу жасалып (екі жылдық жоба), қасбеттері сырлануда.

Жалпы осы кезең басталғалы қала аумағында 50 қарағай, 300 терек, 5 мың алма мен қарағаш көшеттері егіліп, бақтар мен гүлзарларға, көше бойларына 20 мыңдай тал гүл егілген көрінеді.

Сондай-ақ, рұқсат етілмеген жерлерден 35 мың текше метр қоқыс қалдықтары шығарылып, сол тұстарға қала басында 10, Вольный кентінде 4, ал Жаңа Қараған селосында 3 қоқыс алаңдары орнатылған. Енді, Абай қаласында 50 орындық пен 100 қоқыс салғыш орнату жоспарда бар.

Міне, осылайша қала әкімдігінің бұл жоба-жоспарларын жұртшылықтан қолдау тауып, көз алдымызда қаншама игі шаруалардың атқарылып жатқанын көруге болады.

Абай ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

## Заңға бағынған зардап шекпейді



(Соңы. Басы 1-бетте)

Салдарынан 1 адам қаза тауып, 7 адам жарақат алған. Ал, көмелет жасқа толмағандардың қатысуымен 2 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 1 адам қаза тауыпты. 3 адам зардап шекті. Сонымен қатар, жалпылама деректер мотоцикл жүргізушілері тарапынан 64 жол қозғалысы ережесін бұзу анықталғанын айтады. Оның ішінде, 26 мопед жүргізушісі әкімшілік жауапкершілікке тартылып, «темір тайлар» айып тұрағына байланған. Алайда, айыптылар қатары азаяр емес.

— Биылғы жылдың 21 сәуірінен бастап, Қазақстан Республикасының «Жол қозғалысы туралы Ереженің 74-бабына» сай 16 жасқа толғандар арнайы «А1» кіші санатындағы жүргізуші куәлігіне тапсыра алады. Олар ол құжатпен 50 текше сантиметрден аспайтын мотоциклдер, мопедтер, трицикл және квадроциклдерді басқаруға құқылы. Ал, қала ішінде 50 текше сантиметрден аспайтын мопедтерге құжат пен мемлекеттік тіркеу нөмірі берілмейді. Бұл ҚР «Жол қозғалысы туралы Ереженің 64-бабында» көрсетілген, – дейді жергілікті полиция басқармасының аға инспекторы Виктория Мальшко.

Қарағанды қаласының мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында 16 жасқа толғандарға «А1» кіші санатындағы жүргізуші куәлігі беріліп жатыр. Мото сүйер қауым бұдан қалыс қалмаға керек. Әсіресе, романтика мен адреналинге жақын жас жеткіншектер куәлік алуға асығатыны сөзсіз еді.

— Мопедті қатты жақсы көремін. Биыл оқуды бітіруіммен құттықтап, әкем мопед алып берді. Алайда, жаңа заңның шығуына байланысты, мопед тебемін деген ойымнан айнып қалдым. Үш, төрт мәрте «А1» жүргізуші куәлігін алуға тапсырдым. Бірақ өте алмадым. Заң талабының күшеюіне байланысты мопед жүргізушілеріне де талап қатаңдатылды. Құжат алмас бұрын, тапсыратын арнайы сынақтар үлкен жүк көлігін басқаруға тапсыратын сынақтардай ауыр. Бір ғана «сегіздік» сынағының өзінен өту арнайы межемен, ережеге сай болуы керек, комиссия көзі – қырағы. Ал, бұрынғыдай куәліксіз еркін қозғалыс қазір заңмен жазаланады. Сондықтан, мен жұмыс пен оқуыма сол баяғыша велосипедпен қатынағанды құп көрдім, – дейді 19 жасар Үлжан Нағашыбаева.

Әрине, әп дегеннен құжатқа ие болып, құмырскадай қаптаған көліктер қозғалысы арасында мопедті тізгіндеу оңай емес. Оның заңы неге жеңіл болуы керек?! Жастардың да басты қателігі осы көрінеді. Құжатқа бір-екі мәрте тапсырып,

сынақтан өте алмағандықтан қайта қарасын көрсетуі керек еді. Алайда, құжатсыздық оларға тосқауыл болмай тұр. Күндіз болмаса да, түнде жасырын жүруді шығарған.

Қарағандылық мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының бөлім басшысы Асхат Қуанның айтуынша, жастар «Біз білеміз, тек, куәлік болса болды» деп келетін көрінеді.

— Жалпы теория бөлек, ал, іс жүзінде мүлде бөлек болады. Жастардың басым бөлігі «Біз ауылда және басқа орындарда мопед, мотоцикл тепкенбіз, білеміз» деп келеді де, мұндағы сынақтардың алғашқысында-ақ құлап жатады. Көбісі «сегіздіктен» өте алмай тоқтап немесе аяқ тіресе, ал, біреулері тіпті, мопедті де басқара алмай жол ортасында өшіріп алады, – дейді ол.

Расында, қарағандылық мопед сүйер жастардың арасында құжат аламын деушілер саны жоқтың қасы. Құзырлы орын деректеріне қарасақ, сәуір айында 2 адам келсе, мамыр мен маусым айларында 4 жеткіншек құжат алмаққа тапсырған. Олардың ішінде тек екеуінің бағы жанып, «А1» кіші санатындағы жүргізуші куәлігін алыпты.

— Жас болған соң әрине көп қателікке бой алдырады. Тек, олар қала ішінде қозғалыста болған соң, өзінің ғана емес, өзге бірнеше жүргізушілердің өміріне қауіп төндіретінін ескерсе екен. Оларға сол мопедтерді алып беріп, қараусыз жіберген ата-аналар балаларына мопедпен бірге өмірімен қоштасуға жолдама бергендерін біле ме екен?! Жол қозғалысындағы кішкене ғана кінәрат өлімге әкеп соғады. Оның артынан сау тамтығы жоқ өлі денені құшақтап жылаудың пайдасы жоқ. Мысалы, автокөлікпен жарысулары, арнайы бас киімсіз мопед басқарулары, онымен қоймай, артына жас қыздарды мінгізіп тасымалдауы жауапкершілікті сезінбеулері. Осының салдарынан жалпылама мотоциклшілерге көптің көңілі күпті болады, ойы бұзылады. Меніңше, олардың ойынша мемлекеттік тіркеу номерінсіз, жүргізуші куәлігінсіз арнайы бейнебақылау, жылдамдық камераларынан сақтана аламыз деп ойлайды. Ал, өмірлерін қалай сақтамақ?! Жаңа шыққан заңның әсері айтарлықтай білінуде. Куәліксіз жастар қазір көлік қозғалысы көп жерден қашқақтайды. Онда оларды жол-патрульдік қызмет сақшылары тосатынын және заңмен жауапқа тартатынын біледі, – дейді қарағандылық «Chingizkhan MC» мотоқұбының президенті Владимир Ким.

Қос аяқты көліктің тізгінінде қыршынан қиылғандар қатары көп. Бұған жауапты кім?! Шала ойлы баланың көңілін қимаған ата-ана ма? Жазасы қатаңдатылып, ережесі күрделендірілген заң ба?..

## • «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

## Көлік құралдарын тіркеу жеңілдеді

Қазақстанда көлік құралдарын қайта тіркеу қызметі жеңілдетілді. Алдағы уақытта сатушы мен сатып алушы QR-кодтың көмегімен автокөлікті сатып алу-сату шартына қол қоя алады.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Автокөлікті сатып алу-сату шартын тек нотариуста ғана емес, сонымен қатар, арнайы ХҚКО-ларда да рәсімдеуге болады.

Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының операторы жүйеде электронды құ-

жат құра алады. Ал, сатушы мен сатып алушы оны EGOV Mobile қосымшасы арқылы сканерлеп, QR-кодпен қол қояды. Сервис қызмет алушылардың ыңғайлылығы үшін, сондай-ақ, көлік құралдарын тіркеу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін әзірленген.

«Азаматтарға арналған үкі-

мет» мемлекеттік корпорациясы баспасөз қызметінің ақпаратына сүйенсек, мәмілені тіркеу кезінде жалған қол қою мүмкін емес. Осыған ұқсас қызмет EGOV business қосымшасы арқылы ұйымның мүдделерін қорғауға және ЭЦҚ пайдалану құқығына сенімхаты бар заңды тұлғалардың өкілдеріне де қолжетімді.

Аталған жеңілдік көлік иелеріне бұрынғыға қарағанда тіркеуді рәсімдеу әлдеқайда ыңғайлы екенін атап өткен жөн.



Электрондық  
пошта:  
ortalyk.kaz  
@mail.ru

Қарағанды облысының әкімдігі «Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Сержан Жаңабекұлы Аймақовқа орны толмас ауыр қаза анасы

Раушан ИБРАИМХАНОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі еңбек ардагері, облыстық кеңестің тұрақты комиссиясының төрағасы  
Вера Павловна ПОМАЗАЙДЫҢ  
қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.



• АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

# Құдайы қонақпен күт келер

Қонақжайлылық – қазақ халқының ұлттық болмысының бір сипаты. Келген қонақты құшақ жая қарсы алу – адамдар арасындағы бір-біріне деген сыйластықты, құрметті, қамқорлықты білдіретін кісінің адамгершілігі мен имандылығын айқындайтын қасиет. Ал, қонақтың да түр-түрі бар. Соның бірі – құдайы қонақ. Тас қаладағы көкқабатты үйде пәтердің темір есігін ішінен іліп, тіпті, көршімізді де дұрыс танымай жататынымыз рас. Ал, ауыл қазактары ше, құдайы қонақты қабақ шытпай, қауіптенбей қарсы ала ма? Құдайы қонақтар азайып кеткен жоқ па? Бүгінгі сөзіміз осы туралы болмақ.



Сурет шығарушысының суреті

**Қазақ осы...**

Қазақ халқы ежелден қонақ десе, аяғынан тік тұрады. Олай болмағанда, «Қонағына астындағы жалғыз атын сойып берген», «Көршісінің қонағын қарызға алған» деген сынды тіркестер бізге жетпес еді.

Үй иесі бұрын танысын, танымасын «Құдайы қонақпен» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Жол жүріп кеп жатқан жолаушы ешкімге жалынбай, келген жерінен ескі таныс іздемей, ауылдың кез келген үйіне түсіп, қонақ болған. Қазақ «Қырықтың бірі – Қыдыр, Мыңның бірі – Уәли» дейді. Мұнысы «Қонақты қума, оның шарапаты тиеді, бірінен болмаса екіншісінен күт келеді» деп есептеген. «Қонақты қуа берсең, күт қашады» деу де содан туындаса керек.

**«Құдайы қонақ» деген кім?**

Жолаушылап келе жатқан қазақ барар үйін, қонар жайын танысын, танымасын таңдап жатпайды, уақыты келгенде көңілі түскен үйге тіке барып түседі, түстенеді. Жайы келсе, түнеп аттанады. Танымаса танысады, жақындасып ағайындасыды. Жанына жақын тартып, тұтасып, туысып, сырласып, дос болып кетеді. Ал, та-

нитын адам болса, емін-еркін әңгіме-дүкенін құрады, өткен-кеткенді айтысып, бір жасап қалады. Арнайы шақырмаған, Алланың бұйрығымен келген осындай қонақты қазақ «Құдайы қонақ» дейді.

Даладай дархан мінезді, кең құшақты қазақ үйіне келген адамды қуана қарсы алып, құрметтеп, сыбаға тартатыны белгілі. Кең дастарқан жайып, жөні болса, шамасы келсе, қойын сойып тастайды.

Әр ұлттың көнеден келе жатқан мәдениеті, соған сай әр түрлі әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бар. Қазақ халқының бойындағы кеңдік пен дархандық, жомарттық қасиеттер елден ерекше қонақжайлық дәстүрінен айқын көрінеді. Қонаққа лайықты құрмет көрсету, қабақ шытпай қарсы алып, үйіндегі барын дастарқанға қойып күту – ежелден қалыптасқан дәстүр. Бұл тұрғыда «Қонақты құдайыңдай күту» әр шаңырақтың парызы саналады.

Қазақ отбасында балалар жастайынан қонақжайлылыққа тәрбиеленеді. Өйткені, халық дәстүрі бойынша қонақасы берілген соң, қонақтан әңгіме сұрайды, өнері болса он салғызып, күй тартқызады, ертегі, кыссалар айтқыза-

ды. Қонақ әңгімесіне балалар әрқашан құмар болады. «Адам болар бала қонаққа үйір» деп халық тегін айтпаған. Себебі, әр қонақтан естіген жаңалығын есінде сақтай білген жастың өмірді білуі, түсінігі кеңейіп, дүниеге көзқарасы қалыптасады. Көптеген нақыл сөздерді, пайдалы кеңестерді үйренумен бірге, жаманшылықтан жырленуге ден қояды. Олай болса, қонақжайлылықтың тәрбиелік мәні зор.

– Біздің ауылда Рымбай есімді кісі болды. Ол – көпті көрген, өте ақылды адам еді. Бір күні үйір жылқысы жоғалып, досымен бірге соны іздеуге шығады. Үш-төрт күн іздеп, әбден шаршаған соң, бір мал бағып отырған үйге келіп түседі. Үйде келін жалғыз отыр екен. Оқыстан келген құдайы қонаққа жақтырмаған кейіп танытып, қабақ шытып, дұрыстап тамағын бермейді. Қарындары әбден ашып, жолдан шаршаған олар біраз сабыр сақтайды. Сол кезде Рымбай келіннің қай ауылдан басталы екенін сұрастыра бастайды. Сөйтсе, әкесін жақсы танытын болып шығады. Келінге әкесі жайлы, адамгершілігінің жоғары екенін, екеуінің қалай араласқандарын айтады. Оған риза болған келін атына міне салып,

жайылып жүрген малдың ішінен бір қойды атына өңгеріп әкеліп, сойып, дұрыстап қонақасын берген, – дейді Жаңаарқа ауданының тұрғыны Ержан Сағынтаев.

**Түйін**

Әлемге қонақжайлылығымен танымал болған қазақ бүгіндері есік алдынан бөтен адам көрсе, шошитын халге жетті. Дала қазағы мен қала қазағы болып бөлінген заманда қонағын қарсы алу үрдісі өзгерген.

– Құдайы қонақты күтуге жастар жағы қарсы болып жатады. Өйткені, олар бейтаныс адамға үрке қарайды. Еуропалық көзқараспен қарайтындары да бар. Оның үстіне, арнайы шақырылған қонақтың өзін күтуге қиналатын жастар бар. Ал, біз Қарқаралы ауданында бір жылдай түсірілім жұмыстарымен жүрдік. Сонда қас қарайғанша аудан орталығына жетіп үлгермейміз кейде. Шаршап, кез келген ауылға, бөлімшеге, қыстаққа тоқтап, есік қағамыз. Барлығы күтіп, асымызды беріп, түнетіп шығарып салады. Амансыздан барасың ғой. Мұны түсінген жөн. Қалаға жақын ауылдар аса құптамайды. Негізі жастардың құлағына құйып өсірген жөн. Өте керек қасиет, берері мол дәстүр, – дейді журналист Ерболат Ерболұлы.

Қонақ күту – халқымыздың ең жауапты ісі. Сонымен қатар, қазақ халқының қонақ күту дәстүрі ел-жұрт арасындағы ізгі қарым-қатынастарды нығайтуға, ағайын-туысқандардың, көрші-қоландардың алыс-берісіне, үлкенді-кіші болып сыйласуына, өскелең ұрпақты жастайынан көпшіл, мейірімді, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқоршы болуды үйретуге өте зор ықпалын тигізген. Жалпы, қазақтың қонақжайлығына қатысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер өте көп. Олардың біразы ұмыт қалды. Қонақжайлылық – қазаққа ғана тән ұлы қасиеттердің бірі. Сондықтан, оны жалғастыру қай заманның ұрпағы үшін де маңызды...

Ал, сіз қалай ойлайсыз?

**Әлішер СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
**Е.Бөкетов атындағы**  
**Қарағанды зерттеу**  
**университеті**  
**филология факультетінің**  
**II курс студенті**

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

# Ер есімі ұлықталуы керек

Қасым үйінде ауған соғысының ардагерлері және Тәжікстан мен Пәкістан шекарасында әскери борышын өтеген сарбаздар бас қосты. Тағылымды жында ел келешегі жастардың патриоттық рухын көтеру мәселесі талқыланды. Сонымен қатар, ардагерлер Тәжікстанның қаһарманы атанған Раджан Батырхановтың есімі Қарағандыда дәріптелсе деген тілектерін жеткізді. Жында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов модератор болды.



**Ерік НАРЫН,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Раджан Батырханов Ауғанстан шекарасында интернационалдық борышын өтеу кезінде ерлікпен қаза тапқан. Шекарадан заңсыз өткізі келген 200-ге жуық содырға тосқауыл болған. Қаулаған жаудың назарын өзіне аудартып, қаншама қаруласын ажалдан аман алып қалған. Өзі сол шайқаста жан тапсырды. Ерлігі үшін ол Тәжікстан Президентінің Жарлығымен I-ші дәрежелі «Спетамент» орденімен марапатталды. Ер есімін ұлықтауға облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары, подполковник Еркебұлан Мұстағұлов пен Астана өңірлік қолбасшылығының басқарма бастығы әскерлері жөніндегі департамент бастығы қолбасшылығы басқармасы техникалық қамтамасыз ету басқармасы бастығы, полковник Шәкен Жарылқасынов және республикалық ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Мұхамеджанов арнайы келді. Аймаққа белгілі қоғам белсендісі Майра Әбдірахманова да қатысушылар қатарында.

– Батырдың есімін ұлықтау және оны құрмет төріне шығару – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Раджан Батырхановтың ерлігі қашан да жадымызда. Ол қайтпас қайсарлығымен өзінің жүздеген қаруласының өмірін

сақтап қалды. Ардагерлердің тілек, өтініші орынды, – деді Нұрлан Бикенов.

Республикалық ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Мұхамеджанов өз кезегінде облыс басшылығына тілегін жеткізді.

– Бұл күнде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу өте өзекті болып тұр. Себебі, қазір жас буын Отан алдындағы қастерлі борышын өтеуден қашады. Ал, оларды тәрбиелеу үшін Раджан Батырханов секілді батырлардың ерлігін ұлықтауымыз керек. Қарағандыдағы бір көшеге, немесе, білім ордасына батырдың есімі берілсе деген тілегіміз бар. Сонда ғана қаһарманның есімі қайта жаңғырмақ, – деді төраға.

Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары, подполковник Еркебұлан Мұстағұлов әскерден қашатын жастарды тәрбиелемесе, ел болашағы қараң деді.

– Шындыққа тура қарауымыз керек. Расында, әскерден қашу – бүгінгі қоғамның басты мәселесі болып тұр. Он жылдан кейін шекарамызды кімдер қорғайды? Бұл қиындықтан шығудың жолын дереу іздегіміз жөн. Ардагерлердің негізгі міндеті – жас ұрпақты тәрбиелеу. Раджан Батырхановтың ерлігі мектеп оқушыларына айтылуы тиіс, – деді Еркебұлан Мұстағұлов.

**ҚАРАҒАНДЫ**  
*Сурет ұйымдастырушылардан*

• ЖАҢА КІТАП

# «Қанышنامه» оқырманмен қауышты

Кеншілер шаһарында «Қанышنامه» кітабының тұсауы кесілді. Кітап геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, академик және ҚазКСРО Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай жарыққа шыққан.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

Белгілі ақын, айтыскер Аспанбек Шұғатаев біртуар ғалымның өмірі мен қызметін кітапқа енген 300 өлеңіне арқау еткен.

Жаңа кітаптың форматы ыңғайлы және ерекше екенін атап өткен жөн. Ол бір кездері Қаныш Сәтбаев тапқан Алтын құйма түрінде безендірілген және қалтаға салып жүруге де ыңғайлы.

– Өзім – ғалымның ұрпағымын. Академиктің мерейітойына орай кітап шығару туралы шешім қабылдадық. Қаныш Сәтбаев бір кездері Делиде, Бейжіңде, Лондонда және Парижде болған. Бірақ, ешқашан Түркияның қалаларында



Сурет облыс әкімінің сыйлығы

болмаған. «Қанышнамеді» мен оны сол жерге «апаруды» ұйғардым. Кітап Түркияда басылып, алғашқы тұсаукесері Ыстамбұлда өтті. Енді, міне, арғы атамның ізмен жүріп, оны еліміздің қалаларында таныстырып жүрмін. Кітапты төрт тілде – қазақ, орыс,

ағылшын және түрік тілдерінде шығаруды жоспарлап отырмын, – деді Аспанбек Шұғатаев.

Әзірге кітап – қазақ тілінде 2000 дана. Олар кітапханаларға таратылады және қалған бөлігі сатылымға шығатынын атап айту керек.

• ФУТБОЛ

# «Жастар» – чемпион

Жамбыл облысы, Қордай ауылында спорт мектептерінің 2013 жылы туған тәрбиеленушілері арасында футболдан Қазақстан чемпионаты өтті. Республикалық біріншілікте Қарағандының намысын қорғап, сәтті өнер көрсеткен «Жастар» командасы жеңіске жетіп, кеншілер өлкесінің мерейін тасытты.

Айтулы жарысқа барлығы он команда қатысты. Ептілік пен шапшаңдық һәм шеберлік таныта білген жерлестеріміз ақтық сынға сүрінбей жетті. Финалдық ойында «Жастар» командасы 5:0 есебімен Шығыс Қазақстан облысынан келген «Зайсан» командасын ойсырата жеңді.

– Біздің тобымызда Ақтөбе, Түркістан, Жамбыл облыста-

рынан, тіпті, Қырғызстаннан келген өте мықты қарсыластар болды. Оларды жеңу оңайға соқпады. Бірақ, біздің ойыншылар мықты екендігін дәлелдеді. Олар барын салып ойнады. Шакірттеріме ризамын және мақтан тұтамын, – деді Қарағанды облысы Футболдан олимпиадалық резерв спорт мектебі «Жастар» командасының жаттықтырушысы Саид Ахметов.

«Жастар» командасының ойыншылары номинациялар бойынша да ерекшеленіп, көзге түсті. Атап айтсақ, Ерасыл Ереғұл – үздік қорғаушы, Эмиль Марданов – үздік бомбардир атанды. «Чемпионаттың ең үздік ойыншылары» аталымы Қайсар Төлеген мен Әмірхан Татариновке бұйырды.

**Өз тілшімізден**



Сурет облыс әкімінің сыйлығы

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерлер: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 күнәлі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJБK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 67 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**